

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті


## **СӨЖ**

**Тақырыбы:** « Халық педагогикасындағы батырлар жыры арқылы жастарды патриоттыққа тәрбиелеу»

**Орындаған:** Шынтас Арайлым  
**Тобы:** КО15-1



**Батырлық жырлар, батырлар жыры** — [ауыз әдебиетіндегі](#) ең бай да көне жанрлардың бірі. Қаһармандық эпос деп те аталады. [Батырлық жырлар](#) халық өмірінің тұтас бір дәуірін жан-жақты қамти отырып, сол тарихи кезеңдегі батырлардың сыртқы жауларға қарсы ерлік күресін, ел ішіндегі әлеум. қайшылықтар мен тартыстарды бейнелеп береді. Бірақ онда тарихи оқиғалар тізбегі өмірде болған қалпында емес, жырдың көркемдік шешіміне лайықты өріледі. Бас кейіпкердің жүріс-тұрысына, өзге елге ерлік сапарға шығуына және өз елін жаудан азат етуіне байланысты оқиғалар бір қаһарманның маңына топталып, соның бейнесін ашуға қызмет етеді. Эпос желісі белгілі бір тарихи дәуірге табан тіреп, соны көрсетіп отырғанымен, оған көбіне түрлі заманның оқиғаларын бір қаһарманға теліп жырлап беру тән. Батырлық жырлардың осы өзгешелігіне байланысты ғылыми ортада көптен бері түрлі тұжырымдар орын алып келеді. Ресейлік зерттеушілер (Б.А. Рыбаков, Р.С. Липец, т.б.) және кейбір қазақ ғалымдары ([Әлкей Марғұлан](#), [Әуелбек Қоңыратбаев](#), т.б.) эпостық жырлардағы тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларға сүйене отырып, жыр мен тарихтың жақындығын тілге тиек етсе, енді бір топ ғалымдар (В.Я. Пропп, Б.Н. Путилов, т.б.) эпостың нақты тарихи оқиғаларға қатысы жанама түрде ғана көрінеді деген пікірді алға тартады.



Батырлар жыры халқымыздың Отанды сүю,оны сыртқы жаулардан қорғау, халық үшін еңбек ету идеясынан туған ауыз әдебиетінің жанрлық түрлерінің бірі.

Батырлар жырының тарихқа байланысты тұстарын қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалармен тығыз байланыста қарастырылады.

Қазақтың Батырлық жырларына негіз болған екі түрлі эпикалық (қаһармандық) дәуір бар:

- 1) **жеке рулар (тайпалар) дәуірі.** Мәселен, “Алпамыс” жырында — қоңырат, “Қобыланды” эпосында — қыпшақ заманы;
- 2) **ноғайлы дәуірі.**







“Алпамыс батыр” — қазақ халқының қаһармандық эпосы. Терең мазмұны, көркемдігі мен тарихи шындықты қамтуы жағынан “Одиссея”, “Манас”, “Калевала”, “Қобыланды батыр” т.б. жырлар секілді әлемге танымал эпостық жыр. “Алпамыс батырда” халықтың басынан өткен қаһармандық оқиғалар эпик. әсірелеу заңдылығымен берілген. Жырда талай заманның түсінігі, дүниетанымы, шындығы қат-қабат қорытылып, полистадиялы түрде жинақталған. Мұнда түрік қағандығы дәуіріндегі (5-7 ғ.) азаттық үшін күрестің сарындарынан бастап, 17-18 ғ-ғы қалмақ шапқыншылығына қарсы қаһармандық ұрыстардың нақтылы елестері де сезіліп отырады. Зерттеушілер (В.М. Жирмунский т.б.) “Алпамыс батыр” жырында көне дәуірдің салт-санасы, ғұрпы, ok.ru

Жырдан батырлық ертегілердің жігі айқын байқалуы эпосты ең байырғы туындылардың бірі деп есептеуге мүмкіндік береді. Мыс.: жырда қарт ата-аналардың жаратқаннан перзент тілеп әулиелерге түнеп мінәжат етуі, болашақ батырды зарығып көруі; жас қаһарманның жедел ер жетіп, айрықша қайрат танытып өзі таңдап жүйрік ат мінуі; жау шапқыншылығына ұшыраған елінің кегін қайтарып, туған елін бақытқа кенелтуі; өзіне өмірсерік болатын сұлу жар таңдап бақытты өмір кешуі секілді ежелгі батырлық ертегілерге тән тұрақты сарындар жырда мейлінше анық және толық көрсетіледі. Алпамыс жау зынданында жатқан кезінде оның қалыңдығы Гүлбаршынды Ұлтақұлдың зорлықпен алуға ұмтылуы, батырдың өз әйелі “тойының” үстінен шығуы бұл эпосты ертедегі гректің “Одиссеясымен” үндестіреді. Әлбетте жырдың ең қызықты тармағы қазақ халқының бертіндегі тарихи өмірінің сипатын беретіндігі. Қазақ халқының 17-18 ғ-да қалмақ жаулаушыларына қарсы күресі көптеген жырларда фабулалық шынайы көрініс береді. Жырда көрсетілген жер, мекен, адам аттары, елдің шаруашылық кәсіптері, салт-ғұрыптары эпостың қазақ халқының төл туындысы екендігін дәлелдейді. Қаһармандардың туып-өскен, өмір кешкен елі — Жиде байсын, нақтылы тайпасының аты — қоңырат болып көрсетілгені көптеген ғалымдардың, соның ішінде Жирмунскийдің дастанды қоңыраттардың тайпалық эпосы деп айтуына мүмкіндік берген. Дегенмен, эпоста сипатталатын оқиғалар, адамдардың іс-әрекетінің молдығы, сан-дәуірдің наным-сенім ерекшелігін танытатын тұстары эпостың шеңберін бүкілқазақтық көлемге көтереді. “Алпамыс батыр” жырының халықтың есінен мәңгілік ұмытылмастай орын алу себебі тарихи әлеум. шындықтың биік көркемдікпен жырлануында.





Мұндағы бейнеленетін көріністердің бәрі де қазақтың көшпелі өміріне тән мейлінше етене жәйттер. Байбөрі мен Байсарының бір-бірімен уәде байласып құдандалы болуы, қадым замандағы нағыз қазақтың шындығы. Құдалардың көкпар үстінде бір-бірімен өкпелесіп, Байсарының жат елге көшіп кетуі, барған жерінде зәбір көруі, ақырында Гүлбаршын сұлуды Алпамыс батырдың іздеп тауып, көп қиыншылық, азапты оқиғалардан соң алып қайтуы ұзақ жылдарға созылған жаугершілік заманның елестері. Әлбетте Алпамыс та, Гүлбаршын да мейлінше әсіреленген. Идея, мұрат дәрежесіне көтерілген бейнелер. Батырға тән ерекше қасиеттер: жаудан сескеніп қорықпайтындық, қалың дұшпанға қарсы шабатын, намыс пен арды жоғары қоя білетіндік, еліне қамқорлық Алпамыстың басынан табылса, әйел атаулының ең ұнамды сипаттары болып табылатын ақылдылық, мінезділік, опалылық сынды белгілер Гүлбаршынға тән болып көрінеді. Бұндай бейнелер халықтың ең ізгі адамдар туралы ұғымына, арманына сәйкес келеді. Эпостың қай заманда да халық көңіліне дөп келетін қасиеттері мұнда болғанды ғана емес, болуы мүмкіннің де жинақталып берілуінде. Алпамыстың отқа салса күймейтін, оқ өтпейтін, қылыш кеспейтін болып көрінуі халықтың ешқашан жойылмайтын, жаңсылықтан үмітін үзбейтін дәл осындай ел перзенті болса дейтін аңсарынан туған.









Бұрынғы өткен заманда,  
Дін мұсылман аманда, ...  
Жиделі Байсын жерінде,  
Қоңырат деген елінде  
Байбөрі деген бай бопты,  
Төрт түлігі сай бопты.  
Тоқсан мың екен қорасы,  
Мұрындық, ноқта тимеген,  
Түйешілер мінбеген  
Сексен мың екен маясы.  
Шұрқырап жатқан бір  
жылқы, Тоғай сайын мың  
жылқы.  
Есебі жоқ көп жылқы —  
Жиделі Байсын даласы.  
Өз алдына бір бөлек  
Торысы мен қарасы.  
Аңдай болып көрінген  
Бозы менен аласы.  
Соншама бай болса да,  
Жоқ еді ердің баласы.  
Алланың өзі бермесе,

Атадан жалғыз ер еді,  
Еңіреген ердің бірі еді,  
Жоқ екен іні-ағасы.  
Құлтай деген туысқан —  
Немере мен шөбере  
Екеуінің арасы.  
Азырақ баян етейін,  
Құлақ сап бұған қарашы:  
Сол уақыттар болғанда,  
Сексенге жасы толғанда,  
Кетем деп, байғұс, арманда,  
Қайғылы болып қамықты  
Перзентсіз болып қалғанға.  
Құбылаға бас беріп,  
Екі көзге жас беріп,  
Байбөрі Хаққа налынды:  
«Алмадың, Құдай, жанымды. Бір  
баланың жоғынан Ағайын жейді  
малымды. Айналайын атыңнан  
Жаратқан жалғыз Құдайым, Бір  
баланың жоғынан Зорлық қылды  
маңайым. Өкім қыла сөйлейді  
Баласы көп ағайын. Көретін күнің  
болар ма Көзімнің жасын, Құдайым!



Балаға таңсық болып жүрген байғұс,  
Үйіне алып келіп, қылды тойды.  
Туғандай тумаса да қылайын деп,  
Ұлтан деп ол баланың атын қойды.  
Біртүрлі болды нұсқасы,  
Порымды мынау баланың.  
Алдымдағы жақсылар,  
Келбетіне қарағын.  
Кеудесі болды кепедей  
Мұрны болды төбедей,  
Күрек тісі кетпендей,  
Кеңірдегінің тесігі  
Жүгімен түйе өткендей.  
Құлағы болды қалқандай  
Мұрынына қарасаң,  
Сығымданған талқандай  
Көзі терең зындандай,  
Басқан ізін қарасаң,  
Көрінед оттың орнындай.  
Аузы үлкен ошақтай,  
Азу тісі пышақтай.  
Иегі бар сеңгердей,  
Бір батыр болды сол күнде-ай



“Алпамыс батыр” жыры ел арасында замандар бойында айтылып келгенімен баспа жүзін алғаш рет 1899 ж. (“Қисса И-Алпамыш”, Қазан) көрген. Қазан төңкерісіне дейін бұл жыр 7 рет қайталанып басылып шыққан. Жырдың ел арасындағы түрлі нұсқаларын іздеп тауып, хатқа түсіріп орысша мазмұнда бастырған атақты фолькоршы Ә.Диваев.

Ол бұл жырдың бір нұсқасын қарақалпақ бахшысы Жиёмұрат Бермухамедовтан, тағы бірер нұсқасын Шымкент оязының тұрғыны Е.Ақылбековтің қолжазбасынан алған. Кеңес жылдарында өзге де батырлық жырларымен қатар “Алпамыс батыр” сан рет қайта басылды. Оның тарихи, көркемдік мәні мен орны туралы [М.Әуезов](#), [С. Сейфуллин](#), [Қ.Жұмалиев](#), [Ә.Марғұлан](#), [М.Ғабдуллин](#), Н.Смирнова, Т. Сыдықов сынды зерттеушілер арнаулы еңбектер жазды. Бұл қатарда орыс ғалымы Жирмунскидің түрік батырлық эпосы туралы монографиясын айрықша атап өтуге болады. “Алпамыс батыр” жырының дүние жүзіне мәлім болуына осы аталған еңбектің пайдасы зор болды. Жырдың аса тартымды, кең танымал болуының тағы бір сыры оның фабулалық желілерінің түрік тілдес халықтарда да ұшырауына байланысты. Қазақ халқының бірнеше ертегілерінде “Алпамыс батыр” жырының оқиғалық сарыны кездеседі. Татар, башқұрт халықтарында бұл тақырып ертегі түрінде айтылады.





Алпамыс батыр

*Гүлшә Рәдһәмә*